

М.Әуезов атындағы ОҚУ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» диссертациялық Кеңестің 25 наурыз 2022 жылғы отырысының
№ 3 хаттамасынан
КӨШІРМЕ

Күн тәртібінде:

6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шымкент қаласының топырақты жерлерін техногенді ауыр металды (As, Pb, Cd) элементтерімен ластануын биоиндикациялау және биоремедияциялау технологиясын жасақтау» тақырыбындағы диссертацияны қорғауға ұсыну.

Тыңдалды: Қорғанбаев Б.Н. – т.ғ.д., диссертациялық кеңестің төрағасы. Ол диссертациялық Кеңес мүшелеріне ізденуші А.Д.Байботаевадан 25 ақпан 2022 жылы диссертацияны қарауға қабылдау туралы өтініш түскені туралы баяндады. Диссертацияны қарау нәтижелерінде ұсынылған құжаттар М.Әуезов атындағы ОҚУ жанындағы диссертациялық кеңес туралы Ережеге сәйкес келетіндігін және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Сатаев М.И. – т.ғ.д., диссертациялық кеңестің төрағасының орынбасары

А.Д.Байботаеваның диссертациялық жұмысында «Южполиметалл» маңындағы қалдықтар, Түркістан облысындағы Ащысай елді-мекеніндегі қалдықтар, Шымкент қаласының өндірістік және көлік көп жүретін аймақтардағы ауыр металмен ластанған топырақ үлгілерін зерттеу қамтылған. Сондай-ақ жұмыста ауыр металл йондарымен ластанған топырақтарды вермикультураның көмегімен биоремедияция технологиясын жасақтау қарастырылған. Қойылған мақсатты орындау үшін келесі міндеттер орындалған: зерттеу бағыты бойынша ғылыми-техникалық әдебиеттерді жинау және талдау; зертханалық және өндірістік жағдайларда тәжірибелік жұмыс жүргізу; математикалық модельдеу және статистикалық қорыту; сараптамалық бағалау; техникалық-экономикалық талдау; шикізат пен өнімнің қасиеттері мен құрылымын анықтайтын физикалық-химиялық зерттеулер. Зерттеудің физикалық-химиялық әдістерінің кешендері пайдаланылған: гамма-спектрометрия; «Спектроскан МАКС GF-2Е» рентгенді спектросканы; сондай-ақ топырақтағы ауыр металдарды анықтаудың салмақтық әдісі. ҒЗЖ нәтижелері өнеркәсіпке және оқу процесіне енгізілген.

Тексеру негізінде мазмұны бойынша жұмыс 6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығына сәйкес келеді деген қорытынды жасалды. Қорытынды негізінде рецензенттер ұсынылды.

Рецензент ретінде ұсынылады:

Ибраева М.А. – а.-ш.ғ.к. (03.00.27);

Сырлыбекқызы С. – қауымдастырылған профессор (06.08.00).

а.-ш.ғ.к., Ибраева М.А., топырақтану және топырақ микробиологиясы саласында, белсенді жұмыс істеп жүрген маман болып табылады. Соңғы жылдардағы жарияланымдардың ішінен мыналарды бөлуге болады:

1. Ибраева М.А., Отаров А., Устемиров А.М. Влияние тяжелых металлов на интенсивность дыхания и биомассу микроорганизмов орошаемых почв // Доклады 6-ой Международной научно-практической конференции «Тяжелые металлы и радионуклиды в окружающей среде». Том-2. Семипалатинск, 2010, с. 377-382

2. Ибраева М.А., Отаров А., Устемиров А.М. Влияние различных доз свинца и кадмия на биологическую активность почв Акдалинского массива орошения. Сборник «Современное состояние и перспективы развития мелиоративного почвоведения». Материалы международной конференции, посвященной 100-летию В.М. Боровского. Алматы 2009. с. 196-197

3. Отаров А., Ибраева М.А. Фоновый уровень содержания тяжелых металлов в почвах и их значение при оценке загрязнения. Труды II Международной научной конференции «Современные проблемы загрязнения почв» Москва, 28 мая – 1 июня 2007г.

4. Отаров А., Ибраева М.А. Тяжелые металлы в почвах рисовых полей агроландшафтов. Современное состояние почвенного покрова, сохранение и воспроизводство плодородия почв. Международная научная конференция, посвященная 65-летию института почвоведения и агрохимии им. У.У.Успанова. С. 237-240

5. Otarov A., Ibraeva M., G. Aidarkhanova, A. Saparov Ecological monitoring of agrocenosis in different areas of Kazakhstan. // Journal Ecology and Safety. International Scientific Publications, Vol. 2, Part 2. Published by Info Invest, Bulgaria, 2008, ISSN 1313-2563, p. 20-29

6. Otarov A., Ibraeva M.A. Heavy metals in soils of Akdaly mass // Сборник материалов и докладов Международного экологического форума «Балхаш – 2000». С.276-286

қауымдастырылған профессор, Сырлыбекқызы С., қоршаған ортаны қорғау саласында белсенді жұмыс істейтін маман болып табылады. Соңғы жылдардағы жарияланымдардың ішінен мыналарды бөлуге болады:

1. Сырлыбекқызы С. Исследование экологического состояния городских территорий // I International Conference on Science, Management, Engineering and Technology: Conference I Proceedings, США. 21 май 2018г. 21-27 с.

2. Кенжетев Г.Ж., Сырлыбекқызы С., Жидебаева А.Е. The content of heavy metals and arsenic in the soils of the cement plant area // Журнал «Spirit - time», Германия, №4, 2020. 12-16 с.

3. Кенжетев Г.Ж., Сырлыбекқызы С., Жидебаева А.Е. Оңтүстік Шетпе бор кен орны аумағында топырақтың ауыр металдармен жиынтық химиялық ластануы // Международный научно-практической конференции «Актуальные вопросы науки и производства» посвященной дню науки Республики Казахстан. 10 апреля 2020г. 72-78 с.

4. Кенжетаев Г.Ж., Сырлыбекқызы С., Серикбаева А.К., Джаналиева Н.Ш. Исследование характеристики физико-химических свойств почв прибрежной зоны Каспийского моря в районе пригорода г.Актау // Материалы Международной научно-практической конференции «Инновационному развитию Казахстана – конкурентоспособная молодежь», 13 март, 2019. 154-158 с.

5. Кенжетаев Г.Ж., Сырлыбекқызы С., Жидебаева А.Е. Total chemical contamination of soils with heavy metals Shetpe yuzhnoye cement plant // Журнал «Spirit - time», Германия, №4, 2020. 16-20 с.

6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша кеңес мүшелері бекітілді.

1. Сулейменов Бейбут Уалиханович ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, Ө.О.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтының агрохимия бөлімінің бас ғылыми қызметкері; 03.00.27 «Топырақтану» және – 03.00.07 «Топырақ микробиологиясы».

2. Джусупова Дария Бекайдарқызы биология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Экология» кафедрасының меңгерушісі; 03.00.16 – Экология;

3. Зандыбай Аманбек, биология ғылымының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қоршаған ортаны қорғау саласын басқару және инжиниринг» кафедрасының аға оқытушысы; 14.00.07 – «Гигиена».

Қаулы етті:

- А.Д.Байботаеваның диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау және қорғау күнін 29.04.2022 ж. белгілеу;
- рецензенттер болып а.-ш.ғ.к., доцент Ибраева М.А., және қауымдастырылған профессор, Сырлыбекқызы С. бекітілсін.
- диссертацияны авторға және дереккөзге сілтемесіз алынған материалды пайдалануға тексеруге ҰМҒТСО жіберу.

«Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі» Диссертациялық кеңесінің төрағасы, т.ғ.д., профессор

В.К.

Б.Н. Қорғанбаев

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, PhD докторы

Ш.К. Шапалов

Б.Н. Қорғанбаев пен Ш.К. Шапаловтың қолтаңбаларын куәландырамын:

М. Әуезов атындағы ОҚУ ғалым хатшысы, ф.-м.ғ.к., доцент



С.Қ. Досыбеков